

Ж.Ә. Аймұхамбет^{1*}, С.Ш. Айтуғанова¹, А.А. Мирзахметов¹, К.С. Курмамбаева²

¹Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қазақстан

²Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті, Қазақстан

(a_zhanat@mail.ru, s-aituganova@mail.ru, mirza_achmet@mail.ru, karlitos-73@mail.ru)

Абай өлеңдеріндегі көркем этнография

Мақалада Абай Құнанбайұлы өлеңдеріндегі этнографиялық суреттеулер талдау нысанына алынған. Көркем этнография — поэзиядағы ұлттық сипатты танытатын бейнелеу екеніне ақын өлеңдерінен нақты мысалдар келтіріліп, туындыдағы этнографиялық этюдтер, салт-дәстүр көріністері қарастырылады. Көшпелілер тұрмысының табиғатпен барынша жақындығы, тұрмыс ықпалымен табиғат құбылыстарына барынша тәуелділігі олардың өзіндік мәдени танымын қалыптастырды. Осы тұрғыда пейзаждың географиялық, этнографиялық, мезгілдік және әлеуметтік категория ретіндегі ерекше мәні айқындалады. Этнографиялық суреттеулер табиғатпен тығыз байланыста, үндестікте көрсетілуі бұлжымас заңдылық тәрізді. Пейзажға ата дәстүрді, халықтық поэтиканы, ұлттық бейнелеулерді қамтитын мәдени-танымдық сипат тән. Абай өлеңдерінде көшпелілер тұрмысы жыл мезгілдерімен қатар суреттеліп, жаз бен күздің, қыс пен көктемнің фондында этнографиялық көріністер бейнеленеді. Жылдың төрт мезгілінің суреті қазақ ауылы тіршілігін таныта отырып, көркем этнография кеңістігін ашады. Қазақтың салт-дәстүріне негізделген түрлі рәсімдер Абай поэзиясында реалистік суреттеулермен көрініп, тың бейнелер моделін түзіп, философиялық тереңдікпен тұжырымдалады. Мәтіндік талдаулар қорытындысында Абай суреткерлігінің бір қыры көркем этнографияның үздік үлгілерін қалыптастыруымен дараланатыны тұжырымдалады.

Кілт сөздер: көркем, этнография, ұлттық бояу, көшпелі тұрмыс, салт-дәстүр, әдет-ғұрып, ұлттық киім.

Kipicne

Көркем туындыдағы бейнемен бейнеліліктің басты ерекшелігі ұлттық бояу болса, ұлттық бояуды айқындайтын этнографиялық (этномәдени) суреттеулер болмақ.

Фольклорлық және көркем туындыдағы этнографизм туралы зерттеулер бірсыпыра. «Этнографиялық элемент, ең алдымен, көркем шығарма тілінде көрінеді. Көркем мәтін мазмұнын байыту — бұл көркем шығармаға этнографиялық элементті енгізу. Сондай-ақ, халықтың салт-дәстүрін сипаттау мәтіндегі этнографиялық элементтің көрінісі болып табылады», — делінген энциклопедия анықтамасында [1].

Сөз өнерінің бастауында ұлттық таным-түсінік, әдет-ғұрып, тұрмыс-тіршілік жататыны белгілі. Көне дүниетаным адамзаттың өзін қоршаған кеңістікті тану талпынысынан туындап, салт ретінде санаға орнықты. Танымдық бастаудан көркем кеңістікке қарай ойысқан ойлау жүйесінің негізінде осы таным-түсінік бар.

Көшпелілер өркениетінің жарқын бір көрінісі — көркем ойлау жүйесінің тұтастығы, танымдық ұғымдардың эстетикалық тұрғыда жаңғыруы.

Қазақ поэзиясы көркем кеңістігінің Абай түрленткен өзгеше өрнегі — көшпелі өмірге негізделген тұрмыстық қалыпты поэтикалық тұрғыда түлетуі. Ұлы ақынның суреткерлік танымындағы халық дәстүрі, салт-санасы, әдет-ғұрпы, тұрмыс-тіршілігі — көркем ойлаудың сан түрлі боямен құбылған кеңістігі.

Ұлттық ұғым мен салт-сана халықтың рухани болмысын айқындайды. Салт-дәстүр негізінде түзілген ұғымдар өз алдына арналы салаға айналып, үлкен жүйені түзеді. Бұл жүйе этнографиялық ұғымдар, категориялар атауымен белгілі. «Этнографиялық (этномәдени) категориялар, ұғымдар мен атаулар жүйесі — әлемдегі барлық халықтарға тән құбылыс» екенін ескере отырып, олардың «...этностың шаруашылық-экономикалық, мәдени, экологиялық, әлеуметтік тәжірибелері түзілген қоймаға...» [2; 13] айналғанына ден қоямыз. Этнографиялық ұғымдар көркем таныммен байланысқа түсіп, поэтикалық сипат иеленеді.

Этникалық мәдениеттің концептілері ретіндегі категориялар мен ұғымдар адам мен қоғам, табиғат арасындағы байланыстың сипатын, мәнін танытады. Этномәдени тұрғыда туып, қалыптасқан категориялық-ұғымдық атаулар табиғи немесе қоғамдық нысанның кеңістіктік-бейнелілік үлгісі

болып табылады. Фольклор туындыларындағы, жыраулар поэзиясындағы, сондай-ақ жазба әдебиеттегі этнографиялық категориялар мен ұғымдардың бейнелері этностың рухани әрі тұрмыстық болмысын танытады. Көшпелі қоғамда қалыптасқан дәстүр, адам мен қоршаған орта байланысы этнографиялық категориялар арқылы сипатталады. Көркем туындыда сол сипаттар деталь, бейнелеу құралдарына айналып, нарративтік қызмет атқарады.

Зерттеу деректері мен әдістері

Тақырыпты зерттеуде талдау, жинақтау, әдістерінің ұстанымдары басшылыққа алынды.

Зерттеу нәтижелері мен талқылау

Көшпелі қоғамда дүниеге келіп, сол ортада өскен, тәрбиеленген шығармашыл тұлғалардың танымында этнографиялық көріністердің қабылдануы реалистік, романтикалық, символикалық суреттеулердің сан қырлы тәсілдерінің аспабына айналды. Абай поэзиясына қатысты осы тұрғыдан жан-жақты сөз қозғауға болады.

Абай өлеңдеріндегі этнографиялық бейнелеулерді халықтық салт-дәстүр, тұрмыс-тіршіліктің көркем кеңістікке көшуін, оның ішінде поэзияда бейнеленуін этнографиялық этюдтер түрінде қарастырсақ болады.

Көшпелі тіршілік табиғатпен барынша жақындықты, табиғат құбылыстарына тәуелділікті көрсетеді. Осы бағытта пейзаждың географиялық, этнографиялық, мезгілдік және әлеуметтік категория ретінде ерекше мәнге ие екенін көреміз. Пейзажға да ұлттық дәстүрді, халықтық поэтиканы, ұлттық бейнелеулерді қамтитын мәдени-танымдық сипат тән.

Абайдың «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай», «Жаздыгүні шілде болғанда», «Жазғытұры» өлеңдеріндегі көшпелі ортаға тән этнографиялық бейнелеулеріне назар аударайық:

1) «Күз» өлеңіндегі тұрмыстық суреттер реңі қашқан табиғат көрінісіне жалғасып, көшпелі тіршіліктің тынысын аңғартудан басталады:

*Сұр бұлт түсі суық қаптайды аспан,
Күз болып, дымқыл тұман жерді басқан.
Білмеймін тойғаны ма, тоңғаны ма,
Жылқы ойнап, бие қашқан, тай жарысқан* [3; 64].

Өлеңдегі тұрмыстың бір үзгін бейнелеп, тіршіліктің бір мезетін суреттеген этнографиялық этюд бар. Абайда мұндай бейнелеулер мен суреттеулер тұтастай этюдтер галереясын түзеді. Күзгі дала көрінісін суреттей келе, сол даладағы тұрмыс-тіршілікті, табиғат-адам-қоғам арасындағы үзілмес байланыс заңдылығын көрсетуде ақын этнографиялық суреттеулерге жүгінеді.

2) «Қараша, желтоқсан мен сол бір екі ай»:

*Ерте барсам жерімді жеп қоям деп,
Ықтырмамен күзеуде отырар бай* [3; 65]

Күздігүні күн салқындағанда ауыл үйлерінің бір-біріне жақын тігіліп, үй арасынан ықтырма жасалуы — көшпелі тіршіліктің көрінісі. Суық қатты түспейінше жайылымдық жерді сақтау мақсатында ойластырылған бұл әрекет шаруашылықты тиімді ұйымдастыруды, мал басын қыстан күйлі шығаруды көздеуден туындаған. Абайдың бұл өлеңі көшпелі тіршіліктің реалистік суретін танытады. Адамның құтын қашырап қара суық, әлеуметтік жағдай өлеңге арқау болған. Ауқатты адамдардың ахуалы «ықтырмамен күзеуде отырумен», «айналасы киіз тұтқан үйінің жылылығымен» суреттелсе, тұрмысы төмен жандардың күзгі тіршілігі көңіл жабырқатарлық қалыпта:

*Тоңған иін жылытып, тонын илеп,
Шекпен тігер қатыны бүрсең қағып* [3; 65]

Үздіксіз жағуға отыны жоқ, отағасы малдың соңында жүрген тұрмысы нашар үйдің қалпы осындай. Бұл этнографиялық этюд көшпелі елдің қыс алдындағы тұрмыс-тіршілігін көрсетеді.

Бұл келтірілген өлең жолдарындағы этнографиялық категориялар: *ықтырма, күзеу, и (иі), малма, шекпен, жіп иіру, шуда жіп*.

Төрт түлік мал тұрмыс-тіршілік қажеттілігін өтеудің материалдық негізі болды. Ішсе — сусын, жесе — тамақ, мінсе, көшсе — көлік, кесе — киім болған төрт түліктің көшпелілер үшін орны бөлек. Күз суретін беруде ауа райымен бірге жылқы түлігінің әрекетін қатар ұсынса, *малма сапсу, тоңған иін жылытып, тон илеу* көріністері мал терісін өңдеген дала қазақтарының тіршілігін танытады. Жалпы, мал терісін илеу, одан киім тігу технологиясын сан ғасырлар бойы меңгерген көшпелілердің

ата кәсібі ұлттық материалдық мәдениетіміздің хабар береді. «*Малма сансу*», «*и жылыту*», «*тон илеу*» әрекеттері көшпелі қазақ ауылының күзгі тіршілігін барынша шынайы танытатын әрекеттер. Этнографиялық анықтамалар тұрғысынан айтсақ, мал терісін илеудің екі түрі болған. Күбіге не шелекке ашытқы ашытып, теріні сол ашытқыға салып илеуді малма дейді. Екінші түрі — и жағу. Иді қатықтан, айраннан немесе езген құрттан, болмаса құрттың сары суынан, ашытқан көжеден, кейде ұнға тұз қосып жасаған.

Абай поэзиясын лингвистикалық тұрғыдан зерделеген ғалымдардың бірі Е.Жанпейісов: «ақын туындыларының этнографиялық лексикасын халқымыздың он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысындағы заттай-рухани мәдениетінің, көшпелі тұрмыстық кейіп-кескінінің көркем көрінісі десе де болады. Ол елінің елу жыл бойындағы тірлік-тынысын көрсету арқылы танымдық та, тағлымдық та мәні ерекше этнографиялық-мәдени көрінісін кең көлемде алғаш рет хатқа түсірді», — дейді [4; 625].

Көшпелі тұрмыс көрінісінің ерекше қалыпта танылуының бір мысалы — «Қыс» өлеңі. Қазақ поэзиясындағы кейіптеудің классикалық үлгісі болған бұл өлеңнің ұлттық-этнографиялық бояуы барынша қанық. Қаһарлы қыстың қазақ ауылымен бір фонда берілуі суреткер ақынның кемел талантын танытады. Мысалдар келтірейік:

*Демалысы — үскірік аяз бен қар,
Кәрі құдаң — қыс келіп, әлек салды.
Ұшадай бөркін киген оқшырайтып,
Аязбенен қызарып ажарланды.*

*Борандай бұрқ-сарқ етіп долданғанда
Алты қанат ақ орда үй шайқалды*

*Қар тепкенге қажымас қайран жылқы
Титығы құруына тез-ақ қалды*

*Шидем мен тон қабаттап киген малшы
Бет қарауға шыдамай теріс айналды [3; 67].*

Осы үзінділердегі «алты қанат ақ орда», «қар тепкенге қажымас жылқы», «шидем мен тонды қабаттап киген малшы» қыстың бораны мен аязын айқындай көрсетуде тұрмыстық-этнографиялық деталь ретінде маңызды қызмет атқарып тұр. Алты қанат ақ орда үйді шайқаған, қар тепкенге қажымаған жылқының титығын құртқан, шидем мен тонды қабаттап киген малшыны бет қарауға шыдатпаған қысты саналы іс-әрекетке ие антропоморфты бейнеге айналдырғанда да сол ұлттық болмысқа жақындатып, «қазымыр, кәрі құда» кейпінде көрсетеді.

Ұлы ақынның көркем кеңістігінде ұлттық танымда, тұрмыс-тіршілікте ерекше орынға ие көктем мен жаз суреттері де этнографиялық бояумен айшықталады. «Жазғытұры» өлеңінде көктемгі тіршілік тұрмыспен сабақтастырыла жырланады.

*Түйе боздап, қой қоздап, қорада шу,
Көбелекпен, құспенен сай да ду-ду.
Гүл мен ағаш майысып қарағанда
Сыбдыр қағып бұраңдап ағады су [3; 68].*

«Жаздыгүні шілде болғанда» өлеңі жаз жайлауға қонып жатқан қазақ ауылының сән-салтанаты, тіршілік тынысы мен дала төсін дүбірлеткен жылқы түлігінің суреттелуі бұл өлеңнің этнографиялық сипатын айқындай түскен.

Абай — ең әуелі ұлт ақыны. Оның суреткерлік болмысы ұлттық танымды, салт-дәстүр, тұрмыс-тіршілікті көркем ойлау кеңістігінде түрлентіп, бейнелеудің озық үлгілерін ұлттық бояумен әрлеуімен ерекшеленеді.

Абай өлеңдерінен ақынның өмір сүрген ортасын, сол дәуірдегі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын, тұрмыстық деталь — киім кию үлгісін көріп, танысуға болады. Ақын өлеңдерінде өзі өмір сүрген жарты ғасыр уақыттағы халықтың этнографиялық, мәдени болмысы жан-жақты көрініс тапқан. Олардың қай-қайсысы да ертеден келе жатқан дәстүрлерімізбен, елдің тарихымен, мәдениетімен тығыз байланысты. Мәселен, ақын өлеңдерінде ұлттық киімдеріміз туралы мәліметтер көп кездеседі. Абайдың «Ескілік киімі» өлеңінде кездесетін киім-кешек атаулары

тікелей киім атауынан ғана емес, халықтың тұрмыс-тіршілігінен, кәсібінен де маңызды деректер береді.

*Ойланып, ойға кеттім жүз жылғы өткен,
Тоң қабаттап кигенім — шидем шекпен.
Жейде-дамбал ақ саңнан, жарғақ шалбар,
Жырым балақ матамен әдіптеткен* [3; 135].

Абай айтып отырған *шидем шекпен* — «түйе жүнінен тоқылып, астарланып тігілген жеңіл сырт киім» [5; 912]. Ал *жарғақ шалбар* — жарғақ теріден сәндеп жасалған ер адамның маусымдық киім түрі. «Оған көбінесе түгін сыртына қаратып тігілген құлын жарғақ пайдаланылады. Күдеріден тігілген кестеленген біркиер қымбат шалбарды да жарғақ шалбар деп атайды. Мұндай жарғақ шалбардың алды мен балағының сыртқы жағы түрлі-түсті жібек жіптермен кестеленіп, оюланып өрнектеледі» [6; 232]. Өлеңнің келесі жолдарына назар аударайық:

*Мықшима аяғымда былғары етік,
Киіз байпақ тоңдырмас ызғар өтіп.
Үлкен кісе белімде жез салдырған,
Шақпағым, дәндәкуім жарқ-жұрқ етіп* [3; 135].

Атқа мініп-түсуге қолайлы болатын, ат үстінде ұрыс салу кезінде аяғын үзеңгіге тірей түрегелгенде таяныш болып, аяқтың үзеңгіден өтіп кетпеуін қамтамасыз ететін сақтық шарасы ретінде үлкен міндет атқаратын етік өкшелері кейінгі кезде пайда болған. Етіктің өкшесіне қарай бірнеше топқа бөлінген. Саптама етіктің *мықшима* деп аталатын түрінің өкшесінің түбі жуан, жер басары жіңішке, тұмсығы жоғары қарай қайқы, биік өкшелі болып келеді [6; 118].

«*Киіз байпақ* — киізден жасалған, етіктің ішінен киілетін, жылу сақтайтын аяқкиім. Саптама етіктің ішінен киілетін ақ киізден жасалған байпақты қыстың суық, боранды күндерінде алыс жолға шыққанда киеді» [2; 357].

Ал кісе — арнайы өңделген жылқы немесе сиырдың терісінен жасалған белдіктің атауы болса [7; 456], дәндәку — кісенің оқшантаймен қатар тұратын былғары қалтасы [3; 135].

Өлеңді оқып отырып сол дәуірдегі қазақ адамының болмысын көреміз. Сонымен қатар олардың тұрмысынан, кәсібінен де хабардар боламыз. Көшпелі тұрмыс кешкен халқымыз, төрт түлік мал өсіріп, жүні мен терісінен киім кісе, сүтін сусын еткен. Ауа-райының қолайсыз сәттеріне ыңғайлап, шекпен сияқты киім үлгілерін де, белдікті, байпақ, мықшима сияқты аяқ киімдерді де жүннен, теріден дайындаған.

Сол сияқты ол замандағы халықтың негізгі көлігі жылқы болғандықтан, оған қажетті түрлі ат әбзелдерін де жасаған.

*Қалмақы қара үзеңгі, биік қасты ер,
Қанжығамда байлаулы жіптен шідер.
Жарғақ жастық көпшігім, жезді пыстан,
Бір келісті сайманым топқа мінер* [3; 135].

Үзеңгі — ер-тұрман әбзелінің аяқ салатын бөлігі [5; 866].

Қанжыға — ерге бөктерген затты байлайтын жіңішке қайыс, таспа. Қанжыға ердің қапталының артқы жағындағы әдейі тесілген тесіктен тұйықталып өткізіледі немесе қапталға әдейі бекітілген шығыршыққа байланады [7; 437].

Шідер — ат әбзелі. Аттың алдыңғы екі аяғы мен артқы бір аяғын қосып салынатын тұсау [5; 939].

Ал пыстан — ердің үстіндегі көпшікті алды-артынан бастырып қоятын, үстіне жез қапталған, былғарыдан істелген тұрман [8; 135].

Өлеңнен көргеніміздей, Абай өз кейіпкерінің болмысын беру арқылы өз кезеңінен мол хабар береді. Кездесетін кейбір киім, ат әбзелдерінің атауы бізге таныс болса, кейбірі қолданыстан шығып қалған. Сондықтан өлеңнің деректік сипаты да басым.

Абай өлеңінде кездесетін мұндай этнографиялық атаулар тек нақты тура мағынасында қолданылып қана қоймайды. Көп өлеңдерінде өзінің кейіпкерлерінің болмысын, бейнесін, мінез-құлқын ашуда көркемдік детальдар ретінде де кездеседі. Мысалы, «Мәз болады болысың» өлеңіне назар аударсақ:

*Күнде жақсы бола ма,
Бір қылығы жаққанға?*

*Оқалы тон тола ма,
Ар-ұятын сатқанға [3; 78]?!*

Оқа — зер жіптерден, кейде жібек жіптерден таспа тәрізді етіп тоқылған көмкерме. Оқа бастырып тіккен сәнді тонды оқалы тон деп атайды. Киімді оқаландырып әшекейлеу қазақ тұрмысында ертеден келе жатқан дәстүр. Оқалы тон, оқалы шапан тәрізді асыл киімдерді құрмет белгісі ретінде сыйға тартады. Киімге бастырып тігетін оқа-зер сәндік қызмет атқарумен бірге қоғамдағы әлеуметтік ерекшелікті көрсететін белгі қызметін де атқарған [8, 581–582]. Мұндағы «оқалы тон» кейіпкердің киім үлгісін ғана емес, оның болмысын ашу үшін де қызмет атқарып тұр.

«Бөтен елде бар болса» өлеңіндегі «қазан» сөзі де осындай мағынада:

*Қалжыңы теріс, сөзі ұрыс,
Айтқан сөзге көнбейді,
Өз тентегін көрмейді,
Қазан бұзар бір қырыс.
Сондай кесел туысқан
Қай жерінен болады
Көңілге медеу, ол тыныс [3; 55]?*

Қазан — үйдің бас мүлкі. Қазақы дастарқанға қойылатын тағамдардың түгелге жуығы дерлік қазаннан шығатындықтан, оның күнделікті тіршіліктегі орны да ерекше болды [6; 361]. Бұл жерде «қазан бұзар» деп адамға қатысты қолданып отыр. Яғни, елдің берекесін кетіріп, тіршілігін бұзған заман адамының бейнесін ашуда көркем деталь ретінде қолданған.

*Әрлі-берлі тартысып,
Ісі араны жеңілді.
Алқыны күшті асаулар
Ноқтаға басы керілді [3; 74].*

«Болыс болдым, мінеки» өлеңіндегі «ноқта» да осындай қызмет атқарып тұр. Негізінде ноқта — ірі малды байлап қою және жетектеу үшін басына кигізетін әбзел. Жүгенге ұқсас болғанымен, негізгі айырмашылығы ноқтада ауыздық болмайды [8; 524]. Осы деталь арқылы ақын өз заманының болыстарының бойындағы мінез-құлықты сынайды.

«Күлембайға» өлеңіндегі «атшабар» сөзін де Күлембайдың жағымпаз, жылмаң қасиетін бейнелеп, ашу мақсатында қолданады:

*Орныңнан тұра шабасың,
Атшабар келсе қышқырып.
Ояз келсе, қайтер ең,
Айдаһардай ысқырып [3; 71]*

Атшабар — дәстүрлі ортадағы лауазым атауы. Ертеде ханның, ұлықтың, би мен болыстың үкім-жарлығын халыққа жеткізетін хабаршы адамды атшабар деп атаған [2; 268]. Хабаршы қызметін атқаратын атшабарға жасаған іс-әрекеті арқылы қандай адам екенін көрсетеді. Күлембайдың болмашы қызметі бар адамның алдына түсіп, жағымпаздануын сынай отырып, одан жоғары шенді адам келсе қандай іс-әрекет жасайтынынан хабардар етеді.

Абай өлеңдеріндегі ұлттық киім-кешек атаулары тек кейіпкердің жаман мінез-құлқын ашу үшін қолданылмайды, сонымен қатар ұлттық ерекшеліктерімізді, ер азаматтың сымбатты келбетін, қазақ қызының сұлулығын, сән-салтанатын да көрсетеді.

«Білектей арқасында өрген бұрым» өлеңіндегі:

*Білектей арқасында өрген бұрым,
Шолпысы сылдыр қағып жүрсе ақырын.
Кәмшат бөрік, ақ тамақ, қара қасты,
Сұлу қыздың көріп пе ең мұндай түрін? [3; 98] —*

деген жолдардағы «шолпы», «кәмшат бөрік» сияқты атаулар қыздың сұлу бейнесін ашатын деталь қызметін атқарып тұр.

«Шолпы — сәндік үшін әшекейлі алтын немесе күміс теңге таққан шашбау» [4; 920]. Оны қыздар бұрымына әшекей ретінде тағады. Шолпының сыңғыры — қазақ қызының сәні мен салтанатын, әдебі мен ибасын танытатын бір деталь. Шолпының сылдырымен қыздың жүрісін үндестіре отырып, қазақы тәрбиенің қызға берер тәлімінде аңғартып өтеді.

«Кәмшат бөрік — тұтастай кәмшат терісінен тігілген немесе кенересін кәмшат терісімен жұрындап, төбесін мақпал тәрізді қалың, тығыз матамен тыстап, сүйірлеу етіп тіккен бас киім. Ерте

кезден-ақ кәмшатты киімнің жаға-жеңіне, былғары белбеуге қондырып, сән-салтанатқа киген. Кәмшат бөрікті бойжеткен қыздар киеді. Қыздарға арналған кәмшат бөрікке үкі тағылып, төбесі мен жиектері асыл тастармен, күміс теңгелермен әшекейленеді» [7; 127–128].

«Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында» өлеңінде:

*Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қыяды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз келіншек жүр соңында* [3; 166].

Қамқа тон — зерлі жібек матамен тысталған тон. Ол үшін ең алдамен иленген теріден тон даярлап, сыртын зерлі қамқамен тыстаған [7; 413].

Абай өлеңдеріндегі этнографиялық бейнелеулердің бір көрінісін қазақ халқының өмірімен, әдет-ғұрып, салт-дәстүрімен байланыстырып қарауға болады.

Нәтиже. Абай өз өлеңдерінде өз заманының шындығын, адамның бойындағы мінез-құлықты, жақсылық пен жамандықты ғана жырлап қойған жоқ. Сонымен бірге ертеден келе жатқан ата-баба дәстүрін, әдет-ғұрпымызды, ұлттық құндылықтарымызда да кеңінен бейнелеген.

Кез келген ұлтты танытатын оның ұлттық салт-дәстүрі, әдет-ғұрпы. Бұл біздің ауыз әдебиеті үлгілерінде кеңінен жырланған. Осындай ерекшеліктерді Абай ақын шығармаларынан да көптеп кездестіруге болады. Олардың бірі бізге таныс болса, бірі қолданыстан шығып қалған.

Абай өлеңдерінде ұлттық салт-дәстүрлерімізді жырлай отырып, оның озық тұстарын дәріптеп, үлгі ретінде көрсете білген. Мысалы, «Біреудің кісісі өлсе, қаралы ол» деген өлеңінде адамның туғанынан өлгенге дейінгі өмірінің бәрі өлеңмен жалғасатынын, ұлттық рәсімдердің өлеңсіз өтпейтінін көрсетеді. «Туғанда дүние есігін ашады өлең, Өлеңмен жер қойнына кірер денен» деп, шілдехана, қыз ұзату, келін түсіру, қайтыс болға адамды жөнелту сияқты салт-дәстүрді өлеңмен бейнелеп, адам өмірінің кезеңдерін философиялық тұрғыда байыптайды.

*Күйеу келтір, қыз ұзат, тойыңды қыл,
Қыз таныстыр — қызыққа жұрт ыржаңшыл.
Қынаменде, жар-жар мен беташар бар,
Өлеңсіз солар қызық бола ма гүл* [3; 60]?

Бұл мысалдарда үйленуге қатысты салт-дәстүрлер аталады. Күйеу келтіру — той жасап, бойжеткен қызды құтты ұясына қондыру мақсатында орындалатын рәсім, қыз ұзату — қалыңмалдың уағдаласқан бөлігі берілген соң, қыздың ата-анасы той жасап, жасау-жабдығымен қызды күйеу жұртына аттандыру [8; 173].

Абай өлеңінде айтылатын қынаменде туралы айтар болсақ, «бұл қазақ халқының ертеден келе жатқан дәстүрі. Күйеу жігіттің ауылына ұрын келуге рұқсат алғаннан соң қалыңдық отауына немесе қыз жеңгесінің үйінде оның алғаш келуін қарсы алып өткізетін ойын-сауық тойы» [8; 209]. Бұл кеште ән айтылып, күй тартылып, түрлі ойындар ойналады.

«Жар-жар — дәстүрлі неке-ғұрыптық салтында орындалатын өлең және оны айту үрдісі. Жар-жар өлеңі бас қосып отырған екі жасқа арналып айтылады» [6; 224].

Беташар — дәстүрлі ортада келін түсіру тойында атқарылатын ғұрып [4; 494].

Мұның ішінде қыз таныстыру, беташар, жар-жар, қалың беру деген сияқты салт-дәстүрлер қазіргі кезде де бар. Ал қынаменде деген мүлде кездеспейді.

*Бала туса, күзетер шілдехана,
Олар да өлең айтар шулап жаңа.
Бұрынғы жақсылардан өрнек қалған,
Биде тақпақ, мақал бар, байқап қара* [3; 60].

«Шілдехана — сәбидің дүниеге келу құрметіне жасалатын той» екені, оның қазақ халқында өзіндік ерекшелікпен тойланатыны белгілі [5; 938].

Міне, Абай осылайша этнографиялық детальдарды нысан етіп, өзі өмір сүрген кезеңдегі тұрмыстық қалыпты, салт-сананы реалистік тұрғыда суреттей отырып, философиялық пайымын ұсынады.

«Абайды әрі ақын, әрі ойшыл тұлға ретінде зерделеу үшін әлеуметтік орта және сол ортада ақынның өзін саналауы, тұғырнамасы, социумға көзқарасы тыңғылықты жүйеленуі қажет» [9; 27], — деп жазады көрнекті ғалым Ш.Ибраев. Сөйтіп, Абай феноменін тану үшін ақын және социум арақатынасын әлеуметті, психологиялық және психологиялық аспектілерде біртұтас қарау керектігін

тұжырымдайды. Ұлы ақынның қоғамдық ортамен тұтастықта көрінуінде этнографиялық этюдтер, салт-дәстүр, ұлттық ұғымдар деталь, көркем бейне түрінде арқау болған өлеңдерінің орны ерекше.

Қорытынды

Абай өлеңдерінде этнографиялық суреттеулердің тұрақты орын алуы ойшыл ақынның ұлт ақыны ретіндегі болмысын, суреткерлік танымының тереңдігі мен кеңдігін танытады.

Абайдың суреткерлік шеберлігінің бір қыры — ұлттық салт-дәстүр сипаттарын, оларға қатысты ұғымдарды көркем бейнелеулерге арқау етіп, лирикалық, философиялық тұрғыда жаңаша жаңғытуы дер едік.

Көркем этнографияның үздік үлгілерін өз өлеңдері арқылы поэтикалық кеңістікке енгізген ұлы Абай қазақ поэзиясының ұлттық бояуын айқындай түсу арқылы биік деңгейге жеткізді.

Мақала ҚР БҒМ грантымен қаржыландырылатын «AP09259039 — Абай өлеңдерінің поэтологиялық тезаурусы» ғылыми жобасы аясында жазылды

Статья написана в рамках научного проекта «AP09259039 — поэтический тезаурус стихов Абая», финансируемого грантом МОН РК.

The article was written within the framework of the scientific project «AP09259039 — poetic thesaurus of Abai's poems», funded by a grant from the Ministry of Education and Science of the Republic of Kazakhstan.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Нестерова И.А. Этнографизм в художественном произведении / Энциклопедия Нестеровых [Электрондық ресурс] / И.А Нестерова. — Қол жеткізу режимі: <https://odiplom.ru/lab/etnografizm-v-hudozhestvennom-proizvedenii.html>
- 2 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-том: А — Д. Энциклопедия. — Алматы: DPS, 2011. — 738 б.
- 3 Құнанбаев А. Сен де бір кірпіш дүниеге. Өлеңдер мен қарасөздер. — Алматы: Атамұра, 2014. — 288 б.
- 4 Жанпейісов Е. Этнографиялық лексика/ Абай. Энциклопедия. / Бас редактор Р.Н.Нұрғалиев. — Алматы: «Қазақ энциклопедиясының» бас редакциясы. «Атамұра» баспасы, 1995. — 720 б.
- 5 Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі / Т. Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 2008. — 968 б.
- 6 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 2-том: Е — И. Энциклопедия. — Алматы: DPS, 2012. — 736 б.
- 7 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 3-том: К — Қ. Энциклопедия. — Алматы: DPS, 2012. — 736 б.
- 8 Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 4-том: Қ — О. Энциклопедия. — Алматы: DPS, 2013. — 736 б.
- 9 Ибраев Ш. Абай феномені / Ш. Ибраев. — Нұр-Сұлтан: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2021. — 240 б.

Ж.А. Аймухамбет, С.Ш.Айтуганова, А.А.Мирзахметов, К.С.Курмамбаева

Художественная этнография в стихах Абая

В статье рассматриваются этнографические этюды, традиции и обычаи, отраженные в творчестве Абая Кунанбаева, приводятся конкретные примеры, доказывающие, что художественная этнография является проявлением национального характера поэзии. Невероятная близость быта кочевников к природе, полная зависимость жизни от явлений окружающей среды сформировали их самобытное культурное мировосприятие. В этой связи проявляется особая роль пейзажа как географической, этнографической, сезонной и социальной категории. Закономерно, что этнографические изображения неизменно предстают в тесной связи, гармонии с природой. Доказывается, что пейзаж в творчестве поэта наделяется культурно-познавательным характером, охватывающим традиции предков, народную поэтику, национальные образы. Быт кочевников в стихотворениях Абая описывается параллельно с изображением времен года, этнографические картины предстают на фоне лета и осени, зимы и весны. Изображение четырех времен года знакомит читателя с бытом казахского аула, раскрывает пространство художественной этнографии. Авторы приходят к выводу, что различные символы, основанные на

казахских традициях и обычаях, представлены в поэзии Абая реалистичными изображениями. Они выстраивают особую модель образов и отличаются философской глубиной. На основе результатов текстового анализа делаются заключения о том, что мастерство Абая отличается созданием ярчайших образов художественной этнографии как еще одной грани его творчества.

Ключевые слова: художественная этнография, национальный окрас, кочевой быт, традиции и обряды, национальная одежда.

J.A. Aimukhambet, S.Sh. Aytuganova, A.A. Mirzakhmetov, K.S. Kurmambayeva

Artistic ethnography in Abay's poems

The article analyzes ethnographic descriptions in the poems of Abay Kunanbayuly. The specific examples from his poems that artistic ethnography represents a national character in poetry are given, and ethnographic essays, customs and traditions in his works are considered. The close proximity of nomadic life to nature and dependence on natural phenomena formed their own cultural knowledge. In this context, the special significance of the scenery as a geographical, ethnographic, seasonal and social category is determined. The inseparable connection of ethnographic descriptions with nature seems like an inviolable law. The scenery is characterized by its cultural and cognitive character, which includes the traditions of ancestors, folk poetics and folk images. Abay's poems describe the life of nomads along with the seasons, and depict ethnographic scenes against the background of summer and autumn, winter and spring. The description of the four seasons reveals the life of the Kazakh auyls and opens up the space of artistic ethnography. Various rituals based on Kazakh traditions and customs are reflected in Abay's poetry with realistic descriptions and create a model of new images, having philosophical depth. According to the results of textual analysis, one aspect of Abay's work stands out for the formation of the best examples of artistic ethnography.

Keywords: artistic ethnography, national color, nomadic life, customs and traditions, rituals, national clothes.

References

- 1 Nesterova I.A. Etnografizm v hudozhestvennom proizvedenii / Ensiklopedia Nesterovyh [Ethnography in a work of art / Nesterov's Encyclopedia]. Retrived from <https://odiplom.ru/lab/etnografizm-v-hudozhestvennom-proizvedenii.html> [in Russian].
- 2 (2011). Kazakhtyn ethnographialyk categoryalar, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Vol. 1: A — D. Entsyclopedia. Almaty: DPS [in Kazakh].
- 3 Kunanbaev, A. (2014). Sen de bir kirpish duniege. Olender men karasozder [You are a little brick in the wall of the world. Poems and quotes]. Almaty: Atamura [in Kazakh].
- 4 Nurgaliyev, R.N. (red.) (1995). Ethnographialyk leksika. Abai. Entsyclopedia. Bas redaktor [Ethnographic vocabulary. Abay. Encyclopedia. / Editor-in-Chief R.N Nurgaliyev]. Almaty: «Kazakh entsyclopediasynyn» bas redactory. «Atamura» baspasy [in Kazakh].
- 5 Zhanuzakov, T. (2008). Kazakh tilinin tusindirme sozdigi [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. Almaty: Dike-Press [in Kazakh].
- 6 (2012). Kazakhtyn ethnographialyk categoryasy, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Vol. 2: E — I. Encyclopedia. Almaty: DPS [in Kazakh].
- 7 (2012). Kazakhtyn ethnographialyk categoryasy, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Vol. 3: K — K. Encyclopedia. Almaty: DPS [in Kazakh].
- 8 (2012). Kazakhtyn ethnographialyk categoryasy, ugymdar men ataularynyn dasturli zhuyesi [Kazakh traditional system of ethnographic categories, concepts and names]. Vol. 4: K — O. Encyclopedia. Almaty: DPS [in Kazakh].
- 9 Ibrayev, Sh. (2021). Abay fenomeni [Phenomenon of Abay]. Nur-Sultan: «Alashorda» kogamdyk kory [in Kazakh].